

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

4. Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымы рейтингісі: суицид көрсеткіші бойынша 2023 ж.
5. Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасы құқық қорғау комитетінің рейтингісі: суицид көрсеткіші бойынша 2023 ж.
6. Отчет Детского фонда ООН (ЮНИСЕФ) 2014 г.

УДК 343.2

ТЕРРОРИСТІК ЖӘНЕ ЭКСТРЕМИСТІК БАҒЫТТАҒЫ ҚЫЛМЫСТАРҒА ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ӘРЕКЕТ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сағынбаева Ақбота Есболқызы

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, заң факультеті 2 курс, «Құқықтану» мамандығының
студенті, Астана, Қазақстан
Ғылым жетекшісі – М.Б. Муратханова*

Бүгінде әлемнің көптеген елдері үшін экстремизм мен терроризммен күрес мәселесі аса өзекті болып отыр. Терроризм — қылышынан қаны тамып тұрған зұлмат. Терроризм барлық түрлері және көріністерімен, ауқымы және қарқындылығымен, зұлымдығымен қазіргі заманның ең өткір мәселесіне айналды. Терроризм» сөзі — араб тілінде «ирхаб», яғни «қорқыту, үркіту» деген мағынаны білдіреді. Терроризм өз нысанасы ретінде бейкүнә адамдарды таңдап, ананы — баладан, ал баланы анадан айырып, қасіретті, жетім етеді. Бүгінгі таңда халықаралық терроризм және діни экстремизм асыл дініміз — исламға да залалын тигізіп отырғаны өкінішті.

Лаңкестік әрекеттер ауқатты, дамыған елдерде де, жағдайы төмен кедей елдерде де орын алып отыр. Терроризмнің өріс алуы кез келген елдің әлеуметтік жағдайына қатысты емес, дінмен де үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Ол — жауыздық індеті. Бұл жұқпалы «вирустан» аман қалған мемлекет жоқ. Барлық араб және Африка елдері, Азия құрлығы, Ресей, АҚШ, Англия, Франция, Испания, Норвегия, тағы басқа мемлекеттер терроризммен бетпе-бет келіп, зардап шегіп отыр. Сол вирус Қазақстанды да шет айналып өтпеді. Біздің елде қарулы террористік астыртынның пайда болуы және оның белсенді түрде күшеюіне Ақтөбе, Алматы, Атырау, Маңғыстау облыстарында болған және адамдардың өлімімен аяқталған бірқатар террористік актілер дәлел бола алады. Қайғылы оқиғалар түрлі экстремистік ұйымдар қызметінің жаһандануы біздің бейбітшілікті сүйетін елімізде де байқалатынын көрсетті. Бұған дәлел 2011 жылы Жамбыл облысы Тараз қаласында болған террорлық оқиға кезінде терроризм құрбаны болған Ғазиз Байтасов, өз өмірін қиып адамдарға граната лақтырмақ болған кезде террористті денесімен жауып қалады. Қазіргі таңда Тараз қаласында халық қахарманы атанған Ғазиз Байтасовтың құрметіне арнап тұрғызылған ескерткіш те бар. Қаншама қан төгіліп, қанша отбасына қара жамылдырған 2022 жылғы Қаңтар оқиғасында экстремистік ұйымның тікелей қатысы болғандығын атап өтпеске болмас. Осы жағдайға байланысты президентіміз Тоқаев “ Пюрализмдық пікірді сақтай отырып, біз радикализмнің, экстремизмнің және сепаратизмнің кез келген көріністеріне қатаң қарсы тұруымыз керек. Біздің қоғамды жару әрекеттері заңның барлық қатандығымен тоқтатылады”, - деді президент. Аталмыш қанды оқиға Маңғыстау облысынан бастау алып, Алматы, Талдықорған, Тараз, Шымкент, Қызылорда, Ақтау, Атырау қалаларында террорлық іс әрекет ушығып кетті. Бұл оқиғаның ушығуына тікелей діни экстремизм мен терроризм түрткі болды. Соның салдарынан Қазақстанның экономикасы мен саясатына ауыр зардаптар

келді. Экстремизм өзінің барлық көріну формаларында белгілі бір мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне ғана емес, бүкіләлемдік қауымдастыққа да үлкен қауіп төндіріп келеді.

Саясатта белгілі бір бағыт ретінде экстремизм радикалды көзқарастарды жүзеге асырудың түрлі әдістерін ұстанады. Ол мемлекеттің тұтастығына, қоғамның бірлігіне қатер төндіріп, зорлық-зомбылықпен, фанатизммен, өздерінің принциптерін қорғай алмайтынымен, ымыраға келмеуімен сипатталады. Өзінің қауіпті тәжірибесінде экстремизм терроризммен тығыз байланыста.

Терроризмге және экстремизмге қарсы тұру – бұл әлемде құқық пен тәртіпті қамтамасыз етудің маңызды бағыты. Тіркелген қылмыстардың жалпы санының террористік және экстремистік сипаттағы қылмыстардың шамалы бөлігі болып табылатындығына қарамастан, олар қоғамның, мемлекеттік және құқық қорғау органдарының теріс реакциясын тудырады.

Терроризм қазіргі заманда халықаралық сипатқа ие болған, қоғамға өте қауіпті қылмыстар қатарына жататыны сөзсіз. Оның қауіптілігі сонда, террорлық әрекеттер адамдарды қазаға ұшыратуға, елеулі мүліктік зиян келтіруге, жарылыс жасау, өрт қою, тағы басқа әрекеттермен түрлі зардаптар қауіпін төндіруге соқтырады. Бұл қылмыстар бойынша қылмыс құрамының объектісі қоғамның қауіпсіздігі болып табылады. Қылмыстың объективтік жағы терроризмді насихаттау немесе терроризм актісін жасауға жариялы түрде шақыру, сондай-ақ көрсетілген мазмұндағы материалдарды тарату болып табылады. Жасы 14-ке толған кез келген есі дұрыс адам осы қылмыстардың субъектісі бола алады. Ал қылмыстың субъективтік жағы кінә нысанындағы қасақаналықпен сипатталады.

Терроризмнің екі түрі болады

1. Адамның санасына жасалынатын терроризм .
2. Адамға физикалық тұрғыдан жасалынатын терроризм .

Әсіресе санаға жасалатын терроризм өте қауіпті болып есептеледі.

Террористік және экстремистік қылмыстар туралы заңнаманы қолдану бойынша сот практикасының кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының 2017 жылғы 8 желтоқсандағы № 11 нормативтік қаулысы бойынша Террористік және экстремистік қылмыстар қоғамдық қауіпсіздікке елеулі зиян, мемлекеттілік негіздерге нұқсан келтіреді, сондықтан осы санаттардағы істерді уақтылы және дұрыс қарау мемлекеттің қауіпсіздігін, азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды, Қазақстан Республикасының Конституциясын (бұдан әрі – Конституция), заңдарын және өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын орындауды қамтамасыз етудің маңызды қағидаттарының бірі болып табылады.

Экстремистік бағыттағы қылмысты тергеу бойынша тұрақты әрекет ететін жедел тергеу тобы ең басты басымдылыққа ие: тергеудің бастапқы кезеңінде уақыт тапшы болған жағдайда ол жеке ұйымдастырылған сұрақтарды шешуге уақыт жұмсамай, барынша жеделділігімен және құзыреттілігімен жұмысқа кіріседі.

Бұл топ бірыңғай қағидалар бойынша, қызметкерлер арасында анық бөлінген өзара әрекеттесу механизмімен құрылу қажет. Экстремистік іс-әрекетті анықтауды, алдын алуды және тергеуді құқық қорғау органдардың толық және жан-жақты өзара әрекеттесуімен, болашақта бар және әзірленетін бірлескен ведомствоаралық нормативтік актілер аясын- да, экстремистік бағыттағы қылмыстарды және терроризм актілерін толық, тиімді және білікті тергеуге мүмкіндік беретін, мамандандырылған, экстремизм мен терроризмге қарсы жедел тергеу тобын құрумен және қызмет етуімен жүзеге асыру қажет.

Соңғы кездері экстремистер бейбітсүйгіштікке, ұстамдылыққа баулитын және өзге діни көзқарастарға түсіністікпен қарауға тәрбиелейтін ислам дінін ушықтыруға, басқа өркениеттермен қақтығыстыруға талпынуда, осы арқылы тек дінаралық татулыққа сызат түсіріп қана қоймай, сонымен қатар мұсылмандардың өз арасында да іріткі салуда.

Діни экстремизмнің алдын алу бағыттарының бірі — діни сауаттылықты арттыру. Бұған ерекше мән беруіміз қажет. Қазақстандықтар, діни көзқарасының әркелкілігіне

қарамастан, зайырлы елімізде имансыздық, діни ой-пікірлердің радикалдануы секілді шектен шығушылықтың таралуына жол бермеу мақсатында бірігулері керек.

Республикадағы діни ахуал, жалпы алғанда, тұрақты екенін атап өткен жөн. Дей тұрғанмен, еліміздің жекелеген аймақтарында діни экстремизм ошақтарының шоғырлануы байқалады. Дін санаға айла-шарғы жасаудың қолайлы құралына айналып, осыны деструктивті күштер пайдаланып отыр. Діннің қызметі тұлғаға өзінің психологиялық мәселелерін шешуге көмектесуге негізделген. Егер дін әрбір жеке тұлғалардың, қоғам талабына жауап беріп қоғамды сақтау мен оңайлатуға қызмет етуіне итермелесе дін өз қызметін орындағаны. Дін адамдарды біріктіретін рухани күш.

Діннің негізгі мақсаты адамдарды жақсылыққа шақырып жамандықтан тыю. Әсіресе ислам діні адам сүйгіштікке шақырады.

Сөзімнің соңында дін саласындағы туындаған мәселелерді шешу, экстремистік және террористік бағыттағы қылмыстарға қылмыстық құқықтық қарсы әрекет ету, зайырлы қоғамымызға қауіп төндіріп тұрған құбылыстарға тосқауыл қою ортақ жұмысымыз екенін атап өткім келеді. Президентіміз Қасым- Жомарт Тоқаев “Қазақстанда бірінші орында Заң мен тәртіп болуы тиіс, осы негізде ғана біз халқымыздың әл-ауқатын қамтамасыз ету міндетін шеше аламыз. Тәуелсіздік, бірлік пен тұрақтылық – бәріміз барлық жағынан қорғауымыз керек басты құндылықтар” деп атап өткендей, біз, қоғамда діни экстремизм және терроризм идеяларын қабылдамайтын жағдай жасауымыз қажет. Бұл — біздің ортақ міндетіміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. Сілтеме бойынша келтірілген: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>

2. Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы N31 Заңы

3. Терроризм мен экстремизм көріністерінің алдын алу және тыю жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 2000 жылғы 10 ақпан N332.

4. Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 23 ақпандағы N 33 Заңы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экстремизмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Сілтеме бойынша келтірілген:

https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000033_/links

5. Алма Бектенова, turanpress.kz, 27 қазан Сілтеме бойынша: <https://nomad.su/?a=3-202210280032>

6. Террористік және экстремистік қылмыстар туралы заңнаманы қолдану бойынша сот практикасының кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 8 желтоқсандағы № 11 нормативтік қаулысы. Сілтеме бойынша: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P170000011S>

УДҚ 343.2/.7

**ЗАҢСЫЗ ОЙЫН БИЗНЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ: ҚҰҚЫҚТЫҚ
СИПАТТАМАСЫ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕГЕ ТАЛДАУ**

Уразбаева Айымкүл